Буртебаева А.А., Ракаева А.Н., Кушебина Г.М., Валиева С.Н.

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ РЕФОРМИРОВАНИЯ НАЛОГОВОГО АДМИНИСТРИРОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация

В статье рассматривается понятие налогового администрирования, отмечается важность в исследовании проблем налогового администрирования для повышения эффективности налоговой системы.

Система налогового администрирования в Казахстане в последнее время приобретает все большую актуальность через призму экономической безопасности, в связи с изменениями в методах и схемах уклонения налогоплательщиков от налоговых обязательств.

В статье авторами изучены проблемы, возникающие в процессе налогового администрирования, на основе анализа выработаны направления по совершенствованию системы налогового администрирования в Казахстане. Проведена оценка эффективности налоговой системы посредством уровня налоговых поступлений. Несмотря на то, что налоговые поступления увеличиваются с каждым годом, темпы роста нестабильны, наблюдается рост налоговой нагрузки, что свидетельствует о неэффективном использовании инструментов налогового регулирования и низком качестве налогового администрирования.

Действующий механизм налогового администрирования не в полной мере соответствует критериям эффективности и ожиданиям властей. Авторами подчеркивается актуальность цифровизации в налоговой сфере, необходимость проведения мероприятий, направленных на укрепление налоговой дисциплины, повышения грамотности в области налогового и таможенного законодательства, заинтересованность в уплате обязательных платежей. Выявлена и обоснована необходимость использования зарубежного опыта для улучшения качества налогового администрирования.

DOI 10.52260/2304-7216.2022.4(49).12
 ЭОЖ 338.012
 FTAMP 06.71.03

Д.К. Дурру, PhD докторанты¹
 А.М. Есиркепова*, э.ғ.д., профессор²
 З.У. Кудайбергенова, э.ғ.к., доцент³
 ҚР Президенті жанындағы М. Әуезов атындағы
 Оңтүстік Қазақстан университеті,
 Шымкент қ., Қазақстан¹
 Мемлекеттік басқару академиясы,
 Шымкент қ., Қазақстан²
 Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы,
 Шымкент қ., Қазақстан³
 * – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
 e-mail: essirkepova@mail.ru

ТОҚЫМА САЛАСЫ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ИМПОРТТЫҚ ТӘУЕЛДІЛІГІН ТӨМЕНДЕТУДІ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада нарықтарды, технологияларды және басқа да тиісті үрдістерді ескере отырып, қазақстандық тоқыма саласының импорттық тәуелділігін төмендетуді институционалдық қамтамасыз ету тетіктері қарастырылған. Мақала авторлары тоқыма өнеркәсібінің дамуын институционалдық қамтамасыз ету бойынша ғалымдардың әртүрлі пікірлерін зерттеген: пандемияның әсері; тоқыма инфрақұрылымы; импорттық шикізат; импортты алмастыру мәселелері; өндірістің сыртқы тәуелділігі; технологияға инвестициялар; жаһандық жеткізу тізбегі; әлеуметтік факторлар; технологиялық факторлар. Авторлар шет елдер мен Қазақстанның тоқыма өнімдері импортының статистикалық деректерін талдаған. Мақала авторлары Қазақстанда импорттық тоқыма өнімінің ұлғаюына ықпал ететін мәселелерді анықтаған: импортталатын тауарлардың төмен бағасы; тоқыма бұйымдарын өндіру үшін шикізаттың жетіспеушілігі; ішкі нарықты институционалдық қолдаудың болмауы; білікті кадрлардың жетіспеушілігі; жаңа технологиялардың болмауы; ағымдағы бизнесті дамытуға инвестициялар үшін капиталдың жетіспеушілігі. Мақалада тоқыма саласы кәсіпорындарының импорттық тәуелділігін төмендетуді институционалдық қамтамасыз етудің негізгі бағыттары айқындалған: ішкі өндірістік байланыстарды жеңілдететін тетіктер мен мүмкіндіктерді ілгерілету; басқарушылық және маркетингтік дағдылары бар кадрларды мақсатты даярлауды жүзеге асыру; сапаны арттыратын және қоршаған ортаны ластамайтын технологияларға қаражат салу; ішкі нарықты кеңейтуге ықпал ететін институционалдық құралдарды қолдау.

Кілт сөздер: тоқыма өнеркәсібі, институционалдық қамту, шикізат, өнім, импорт, сапа, қоршаған орта, пандемия, технологиялар, бәсекеге қабілеттілік.

Ключевые слова: текстильная промышленность, институциональное обеспечение, сырье, продукция, импорт, качество, окружающая среда, пандемия, технологии, конкурентоспособность.

Keywords: textile industry, institutional support, raw materials, products, imports, quality, environment, pandemic, technology, competitiveness.

Кіріспе. Жаһандануға байланысты тоқыма бұйымдарын өндіру кезінде импортты алмастыруды институционалдық қамтамасыз ету барған сайын маңызды болып келеді. Импорт тәуелділігін төмендету тек ірі бизнес үшін ғана емес, сонымен қатар шағын және орта тоқыма өнеркәсібі үшін де маңызды.

Пандемия кезінде отандық тоқыма кәсіпорындары денсаулық сақтау және азаматтық қызметкерлерге көмектесетін өнімдерді (мысалы, жеке қорғаныс құралдары, маскалар, гигиеналық материалдар және тағы басқалар) жасау мәселесін біркелкі емес тиімділікпен шешті. Ол үшін олар жабдықтау, карантин мәселелерімен бетпе-бет келіп, айтарлықтай инновациялық күш салуға мәжбүр болды.

Енді пандемиядан кейін бәсекелестікке, нарықтарға, технологияларға және басқа да тиісті үрдістерге негізделген отандық тоқыма саласын дамытудың стратегиялық міндеттерін әзірлеу қажет. Кәсіпорынның стратегияларын ең күшті және әлсіз жақтарын біріктіру арқылы тұжырымдап, сыртқы орта факторларының мүмкіндіктер мен ағындарын ескерген жөн. Сонымен қатар, стратегиялық жоспар құру кезінде тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының импорттық тәуелділігін төмендетуді институционалдық қамтамасыз етуді маңызды факторларына (саяси, экономикалық, әлеуметтік және технологиялық факторлар) назар аудару керек.

Қазіргі уақытта барлық отандық кәсіпорындар жаһандық нарықтарда дамуға бағытталған тоқыма бұйымдарының көмегімен өз имиджін құрған жоқ. Пандемиядан кейін көптеген кәсіпорындар әлі күнге дейін тоқыма өнімдерін өндіру үшін импорттық шикізатты пайдаланады. Нарықта өмір сүру үшін кәсіпорындар өндіріс үдерісін әлемдік нарықтарда да кеңейтуге тырысады, бірақ бұл мүмкін жеткізу тізбегінің үзілу қаупін арттыра отырып, бүкіл әлем бойынша жеткізу тізбегінің бөлшектенуіне әкеледі.

Мақаланың өзектілігі тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының импорттық тәуелділігін төмендетуді институционалдық қамтамасыз етудің негізгі факторларын анықтай отырып жаңа бағыттарды ұсынумен байланысты.

Сондықтан тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының импорттық шикізатқа тәуелділігін төмендету мәселелерін зерделеген жөн.

Мақаланың мақсаты тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының импорттық тәуелділігін төмендету бойынша институционалдық шешімдер ұсыну болып табылады.

Мақаланың мақсатына жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

- тоқыма өнеркәсібінің дамуын институционалдық қамтамасыз етуін зерттеумен айналысатын ғалымдардың ғылыми еңбектеріне шолу жасау;

- тоқыма материалдары мен бұйымдарын импорттайтын топ бес мемлекеттердің мәліметтерін талдау;

- отандық импорттық тоқыма өнімдерінің көбеюіне ықпал ететін негізгі мәселелерді анықтау;

- тоқыма саласын институционалдық қайта құру үдерісінің алгоритмінің үлгісін жасау;

- тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының импорттық тәуелділігін төмендетуді институционалдық қамтамасыз етудің бағыттарын ұсыну.

Зерттеу әдістері. Мақалада тоқыма өнеркәсібі саласындағы импорттық қарым-қатынастардың статистикалық мәліметтері ақпараттық негіз ретінде қолданылды. Зерттеу кезінде жүйелік және статистикалық әдістер пайдаланылды.

Әдебиеттік шолу. Отандық тоқыма кәсіпорындары импорттық тауарлар мен шикізаттарды өндірісте қолдануды жалғастырып келеді. Бұл кәсіпорындарда орналасқан құрылғылар шетелдік шикізат арқылы қызмет атқарады. Осы себепті ғалымдардың ғылыми еңбектеріне шолу жасап көрелік.

Гереппи Дж. ойынша, 2020 жылы коронавирустық пандемия жарияланғанда және басқалармен қатар қытайлық тоқыма зауыттарында өндіріс тоқтаған кезде, жаһандық жеткізу тізбегінде тоқыма материалдары мен қажетті тауарлар (иірілген жіп, мата және басқа да тауарлар) жетіспеді [1]. Бірнеше аптадан кейін тоқыма өндірісінің жаһандану және сыртқы тәуелділік қаупі айқын болды. Мысалы, Даусет С. өзінің зерттеулерінде сән алыбы «Inditex» компаниясы шикізат тапшылығы мен оларды жеткізу мәселелеріне байланысты жұмысының тіпті тоқтап қалуының алдында тұрғанын мәлімдеген [2].

Әрине, COVID-19 пандемиясының әсері тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының қызметіне, құрылымына және өндірістің тұрақты жұмыс істеуіне елулі өзгерістер енгізді.

Мәселен, Краус С. және басқалардың пікірінше дағдарыс кезінде және өмір сүру қаупі төнген кезде кәсіпорындар тығырықтан шығудың төрт жалпы түрін қолдана алады: қысқарту, табандылық, инновация және бөлімшелерді жабу. Бір немесе басқа шешім көптеген ішкі және сыртқы факторларға байланысты. Мысалы, қысқарту кейбір бизнес бөлімшелерін сатуды, бизнесті ішінара жабуды және тоқыма фирмасын қысқартуды қамтиды [3].

Алиду Дж. және Нигоф А. мақта шикізатын өндіретін елдер арасындағы бәсекелестік кезіндегі көптеген қиындықтарды қарастырады. Олардың ойынша, мақта шикізатын дайын тоқыма өніміне айналдыру өндіруші елдерден өсіп келе жатқан бәсекелестік тоқыма инфрақұрылымының жетіспеушілігіне әкелуі мүмкін. Осылайша, инфрақұрылымның кемшіліктері мақта және тоқыма өнеркәсібіндегі елеулі саяси араласу мен өзара әрекеттесуге қауіп төндіреді [4].

Тоқыма өндірісі инфрақұрылымының өзіндік қызметтік ерекшелігі бар. Тоқыма және тігін секторы географиялық жағынан біркелкі емес, оны әртүрлі және әртүрлі қызмет түрлері мен салалар қалыптастырады. Пуиг Ф. және басқалар [5] тоқыма өндірісін мынадай негізгі сатыларға бөледі: иірілген жіп; дайын өнім; тұрмыстық-техникалық; трикотажд және киім. Бұл жіктеудің айтарлықтай артықшылықтары бар.

Тоқыма өнеркәсібінің әрбір сатысы белгілі мөлшерде импорттық шикізаттар мен тауарларға тәуелді болуы мүмкін. Сондықтан импортты алмасын мәселесін баст назарда ұстау қажет.

Даржокова Д.Д. және Курманғалиева Д.Б. ойынша, Қазақстанның жеңіл индустриясындағы импортты алмастыру мәселесін бәсекеге қабілеттілікті едәуір арттыру арқылы ғана шешуге болады [6].

Жеңіл өнеркәсіп технологиялық жағынан агроөнеркәсіптік кешенмен және химия өнеркәсібімен өте тығыз байланысты. Нәтижесінде, бұл саладағы бәсекеге қабілеттілік тек технологияға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына ғана емес, сонымен қатар машина жасау мен химия өнеркәсібіне салынатын инвестицияларға қатысты болып келеді.

Парамонова Т.Н. және басқалар [7] «импортты алмастыру бағдарламаларының экономикалық әсерін тұтыну нарығындағы отандық өндіріс тауарларының үлесі бойынша ғана емес, сонымен қатар өндірістік үдерісте қолданылатын импорттық шикізатты, материалдарды, жартылай фабрикаттарды, дайын өнімдерді ғылыми негізделген дәйекпен ығыстыру арқылы анықтаған жөн» деп санайды.

Ғалымдардың ғылыми еңбектерінде тоқыма өнеркәсібінің дамуын институционалдық қамтамасыз етуде пандемияның әсері, тоқыма инфрақұрылымы, импорттық шикізат, импортты алмастыру мәселелері, өндірістің сыртқы тәуелділігі, технологияға инвестициялар, жаһандық жеткізу тізбегі және басқалар қарастырылған. Дегенмен, бұл ғалымдар мақалаларында тоқыма өнеркәсібі мен сауда арасындағы байланысты қарастырмаған. Ол үшін отандық және шетелдік елдердің импортталған тоқыма материалдары мен бұйымдарының көлемін зерттей отырып, импортты төмендетудің жолдарын анықтау қажет.

Негізгі бөлім. Тоқыма өнеркәсібі экономиканың негізгі салаларына жатады және өңдеу өнеркәсібінің дәстүрлі салаларының бірі болып саналады. Негізінен тоқыма өнеркәсібі жоғары технологиялық синтетикалық иірілген жіптен бастап жүн маталарына, мақта төсеніштеріне, өнеркәсіптік сүзгілерге, жөргектерге және тағы басқа жоғары сән өнімдерін шығаруға бағытталған әр түрлі салалардың жиынтығынан тұрады. Көптеген мемлекеттерде тоқыма өнеркәсібі шетелдік шикізаттарға тәуелді болып келеді.

Соңғы жиырма жыл ішінде тоқыма материалдары мен бұйымдарын импорттайтын топ бес мемлекеттердің мәліметтерін талдайық (1-кесте).

1-кесте

Тоқыма материалдары мен бұйымдарын импорттайтын топ бес мемлекеттердің мәліметтері (млрд. АҚШ доллары)*

№	Мемлекеттер	2000	2005	2010	2020	Өзгеріс
1	Еуропалық Одақ	29,7	29,2	23,8	24,3	-5,4
2	АҚШ	9,7	10,5	8,7	12,6	+2,9
3	Вьетнам	0,8	1,6	2,6	4,4	+3,6
4	Қытай	7,8	7,2	6,6	3,9	-3,9
5	Жапония	3,0	2,7	2,7	3,3	+0,3

* Авторлармен [8] негізінде әзірленген

Берілген мәліметтерде соңғы он жыл ішінде Қытай мемлекетінің тоқыма бұйымдарын импорттау көлемі 50%-ға немесе 3,9 млрд. АҚШ долларына төмендеген. Бұл Қытайдағы орын алған түпкілікті өнімді әртараптандырудағы өндірістік үдерістермен, тоқыма бұйымы кәсіпорындарымен және нарықтық құрылымдармен байланысты.


Еуропалық Одақ елдерінде импорт көлемі 5,4 млрд. АҚШ долларына кеміген, бірақ бұл мемлекеттер ең жоғары тұтынушы болып табылады.

Еуростаттың (2020 ж.) мәліметтері бойынша, еуропалық тоқыма және тігін өнеркәсібі өңдеу өнеркәсібіндегі жұмыс орындарының шамамен 9%-ды (1 664 000 қызметкер) құрайды, оның 33% - ы тоқыма компанияларына, ал 67% - ы киім өндірісіне тиесілі. Өндіріске қатысатын негізгі елдерге Италия, Германия, Испания, Франция және Польша кіреді, олардың үлесі шамамен 63% құрайды. Орташа алғанда, әр фирмада шамамен 20 қызметкер жұмыс істейді [9].

Тоқыма материалдары мен бұйымдарын көп импорттайтын АҚШ, Вьетнам және Жапония мемлекеттерінде соңғы жылдары тұтыну мөлшері жоғары болып отыр.

Қазақстан Республикасы да тоқыма материалдары мен бұйымдарын көп импорттайтын мемлекеттің қатарына жатады.

Статистикалық деректер бойынша 2022 жылдың 9 айында жылы отандық кәсіпорындар 1946,7 млн. АҚШ доллары көлемінде тоқыма материалдары мен бұйымдарын әкелген (Сурет 1).




1-сурет. 2018-2022 жылдардағы Қазақстан Республикасына импортталған тоқыма материалдары мен бұйымдарының көлемі, млн. АҚШ доллары*

* Авторлармен [10, 11] негізінде әзірленген

1-сурет көрсетіп тұрғандай, тоқыма материалдары мен бұйымдарының импорт көлемі 2018 жылдан бастап 2019 жылдар аралығында өскенін байқаймыз. 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 11,7 млн. АҚШ долларына төмендеген. Оның төмендеуі пандемия әсерінен туындап отыр. Пандемиядан кейін 2021 жылы және 2022 жылдың 9 айында тоқыма бұйымдарын импорттау қайтадан көбейіп кетті.

2022 жылдың 9 айында Қазақстандағы импорттық жеткізілімдер құрылымдағы тоқыма өнімдерінің үлесі ұлғайған, яғни 4,9% - ды құрайды (2-сурет).



2-сурет. 2018 - 2022 жылдар аралығындағы Қазақстандағы импорттық жеткізілімдер құрылымдағы тоқыма өнімдерінің үлесі, %*

* Авторлармен [10, 11] негізінде әзірленген

Импорт көлемінің жыл сайынғы тұрақты өсуі Қазақстан Республикасы тоқыма өнеркәсібінің импорттық шикізаттарға тәуелділігіне байланысты. Тоқыма өндірісіне қажетті маталар, мақта талшығы, синтетикалық және жасанды жіптер толығымен импортталады.

Импорттық тоқыма өнімдерінің көбеюіне ықпал ететін негізгі мәселелерге мыналар жатады:

- импортталатын тауарлардың төмен бағасы;
- тоқыма бұйымдарын өндіру үшін шикізат тапшылығы;
- ішкі нарықты институционалдық қолдаудың болмауы;
- білікті кадрлардың жетіспеушілігі;
- жаңа технологиялардың болмауы;
- ағымдағы бизнесті дамытуға инвестициялар үшін капитал тапшылығы.

Анықталған мәселелерді шешу үшін тоқыма саласын институционалдық қайта құру үдерісінің алгоритмін жасау керек, оған мыналар кіреді:

- кәсіпорынның сыртқы және ішкі ортасына кешенді бағалау жүргізу. Ол үшін стратегияны іске асыру факторларының, көрсеткіштерінің, мақсаттарының, тетіктерінің жүйесі және институционалдық трансформация бағдарламасы айқындалады;

- кәсіпорынның стратегиялық бағытын қайта қарау. Ол кәсіпорынның даму стратегиясын іске асырудың басымдықтарын, қағидаттарын, мерзімдерін бір мезгілде қайта қарауды қамтиды;

- кәсіпорынның бизнес-үдерістерін түрлендіру. Бұл үдерістерге өндіріс, қаржы, маркетинг, инновация және тағы басқалар жатады.

Қорытынды. Зерттеу барысында Қазақстандағы импорттық жеткізілімдер құрылымдағы тоқыма өнімдерінің үлесінің жыл сайынғы өсу деңгейі байқалады. Оның өсуіне ықпал етуіне импортталатын тауарлардың төмен бағасы, тоқыма бұйымдарын өндіру үшін шикізат тапшылығы, ішкі нарықты

институционалдық қолдаудың болмауы және басқалар әсер етіп отыр. Бұл мәселелерді шешу үшін тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының сыртқы және ішкі ортасына кешенді бағалау жүргізуді, стратегиялық бағытын қайта қарауды және бизнес-үдерістерін түрлендіруді басты назарға алу керек.

Сонымен, тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының импорттық тәуелділігін төмендетуді институционалдық қамтамасыз ету үшін, мынадай бағыттарда қызметтер атқарған жөн:

- *ішкі өндірістік байланыстарды жеңілдететін тетіктер мен мүмкіндіктерді ілгерілету.* Тоқыма саласында бәсекеге қабілеттілікті күшейту жергілікті қамту коэффициентін арттыру үшін жеткіліксіз. Өндірістік байланыстар үшін мүмкіндіктер мен делдалдар болуы керек. Осыған байланысты коммерциялық ұйымдар, көрмелер, сыртқы сынақ институттары және салалық стандарттар маңызды;

- *басқарушылық және маркетингтік дағдылары бар кадрларды мақсатты даярлауды жүзеге асыру.* Өнеркәсіптің барлық секторларындағы оқу орындарының жұмысын жаңғырту клиенттердің сапа мен жеткізу шарттары бойынша талаптарын қанағаттандыратын басқару дағдыларын жетілдіру үшін қажет. Сонымен қатар, ішкі нарықты дамытудың тиімді маркетингтік дағдылары керек. Білім беру мекемелері осы дағдылар салаларында негізгі дайындықты қамтамасыз етуі тиіс;

- *сапаны арттыратын және қоршаған ортаны ластамайтын технологияларға қаражат салу.* Иіру және тоқыма өнеркәсібінің өнімнің тұрақты сапасын қамтамасыз ететін және қоршаған ортаға зиян келтірмейтін технологияларды енгізуі өте маңызды;

- *ішкі нарықты кеңейтуге ықпал ететін институционалдық құралдарды қолдау.* Коммерциялық және сауда ұйымдары ішкі ресурстар көздерін, сондай-ақ тарату арналарын дамытуда шешуші рөл атқарады. Оларда өндірушілер туралы да, тұтынушылар туралы да ақпарат бар, ал кейбіреулері тәуелсіз өндірушілерді ұйымдастыра отырып, өз брендпен киім жеткізумен белсенді айналысады. Бұл іс-шаралар саланың болашақ дамуы үшін маңызды болғанымен, олар туралы әлі де ақпараттар аз. Осы салада тиімді саяси қолдауды қамтамасыз ету үшін егжей-тегжейлі зерттеулер қажет.

Көрсетілген бағыттарды іске асыру тоқыма бұйымдарына деген импорттық тәуелділікті бірден төмендетпейді. Ол үшін болашақта бәсекеге қабілетті отандық тоқыма бұйымдарын өндірудің үдерістерін, оларды экспортқа шығарудың тетіктері мен талаптарын зерделеген жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Gereffi G. What does the COVID-19 pandemic teach us about global value chains? The case of medical supplies. *Journal of International Business Policy*. – 2020. – 3(3). – P. 287-301. – <https://doi.org/10.1057/s42214-020-00062-w>.
2. Dowsett S. (2020, July 31): Exclusive: Spain's coronavirus crisis stalls global fashion giant Inditex. Retrieved July 31, 2020. – <https://www.reuters.com/article/us-health-coronavirus-inditex-exclusive-idUSKBN21L1TB>.
3. Kraus S., Clauss T., Breier M., Gast J., Zardini A., Tiberius V. The economics of COVID-19: Initial empirical evidence on how family firms in five European countries cope with the corona crisis. *International Journal of Entrepreneurial Behavior & Research*. – 2020. – 26(5). – P. 1067-1092. – <https://doi.org/10.1108/IJEBR-04-2020-0214>.
4. Alidou G.M., Niehof A. Responses of Rural Households to the Cotton Crisis in Benin. *Sustainability*. – 2020. – 12, 4207 [CrossRef].
5. Puig F., Marques H., Ghauri P.N. Globalization and its impact on operational decisions. *International Journal of Operations & Production Management*. – 2009. – 29(7). – P. 692-719. – <https://doi.org/10.1108/01443570910971388>.
6. Даржокова Д.Д., Курмангалиева Д.Б. (2018). Легкая промышленность Казахстана: проблемы импортозамещения // <https://cyberleninka.ru/article/n/legkaya-promyshlennost-kazahstana-problema-importozamesheniya>.
7. Парамонова Т.Н., Урясьева Т.И., Рамазанов И.А. Рынок легкой и текстильной промышленности в период импортозамещения. *Торгово-экономический журнал*. – 2016. – 3(1) . – С. 53-66. – DOI: 10.18334/tezh.3.1.35072.
8. World trade statistical review (2021). – https://www.wto.org/english/res_e/statis_e/wts2021_e/wts2021_e.pdf.
9. Eurostat Report (2020): The textile and clothing industry in 2019. Facts and Key Figures. – <https://euratex.eu/factsand-key-figures/>

10. Внешняя торговля Республики Казахстан – 2016-2020. – Астана: Статистический сборник. – 264 с. – <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection>
11. Структура экспорта и импорта Республики Казахстан за 2021-2022 годы. – <https://www.stat.gov.kz/official/industry/31/statistic/6>

REFERENCES

1. Gereffi G. What does the COVID-19 pandemic teach us about global value chains? The case of medical supplies. *Journal of International Business Policy*. – 2020. – 3(3). – P. 287-301. – <https://doi.org/10.1057/s42214-020-00062-w>.
2. Dowsett S. (2020, July 31): Exclusive: Spain's coronavirus crisis stalls global fashion giant Inditex. Retrieved July 31, 2020. – <https://www.reuters.com/article/us-health-coronavirus-inditex-exclusive-idUSKBN21L1TB>.
3. Kraus S., Clauss T., Breier M., Gast J., Zardini A., Tiberius V. The economics of COVID-19: Initial empirical evidence on how family firms in five European countries cope with the corona crisis. *International Journal of Entrepreneurial Behavior & Research*. – 2020. – 26(5). – P. 1067-1092. – <https://doi.org/10.1108/IJEBR-04-2020-0214>.
4. Alidou G.M., Niehof A. Responses of Rural Households to the Cotton Crisis in Benin. *Sustainability*. – 2020. – 12, 4207 [CrossRef].
5. Puig F., Marques H., Ghauri P.N. Globalization and its impact on operational decisions. *International Journal of Operations & Production Management*. – 2009. – 29(7). – P. 692-719. – <https://doi.org/10.1108/01443570910971388>.
6. Darzhokova D.D., Kurmangalieva D.B. (2018). Legkaja promyshlennost' Kazahstana: problemy importozameshhenija [Light industry of Kazakhstan: problems of import substitution]. – <https://cyberleninka.ru/article/n/legkaya-promyshlennost-kazahstana-problema-importozamescheniya> [in Russian].
7. Paramonova T.N., Urjas'eva T.I., Ramazanov I.A. Rynok legkoj i tekstil'noj promyshlennosti v period importozameshhenija [The market of light and textile industry in the period of import substitution]. *Torgovo-jekonomicheskij zhurnal*. – 2016. – 3(1). – S. 53-66. – DOI: 10.18334/tezh.3.1.35072 [in Russian].
8. World trade statistical review (2021). – https://www.wto.org/english/res_e/statis_e/wts2021_e/wts2021_e.pdf.
9. Eurostat Report (2020): The textile and clothing industry in 2019. Facts and Key Figures. – <https://euratex.eu/factsand-key-figures/>.
10. Vneshnjaja trgovlja Respubliki Kazahstan – 2016-2020 [Foreign trade of the Republic of Kazakhstan – 2016-2020]. – Астана: Statisticheskij sbornik. – 264 s. – <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection> [in Russian].
11. Struktura jeksporta i importa Respubliki Kazahstan za 2021-2022 gody [Structure of exports and imports of the Republic of Kazakhstan for 2021-2022]. – <https://www.stat.gov.kz/official/industry/31/statistic/6> [in Russian].

Дурру Д.К., Есиркепова А.М., Кудайбергенова З.У.

ОСОБЕННОСТИ ИНСТИТУЦИОНАЛЬНОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ СНИЖЕНИЯ ИМПОРТНОЙ ЗАВИСИМОСТИ ПРЕДПРИЯТИЙ ТЕКСТИЛЬНОЙ ОТРАСЛИ

Аннотация

В статье рассматриваются механизмы институционального обеспечения снижения импортной зависимости казахстанской текстильной отрасли с учетом рынков, технологий и других соответствующих тенденций. Авторами статьи исследованы различные мнения ученых по институциональному обеспечению развития текстильной промышленности: влияние пандемии; текстильная инфраструктура; импортное сырье; вопросы импортозамещения; внешняя зависимость производства; инвестиции в технологии; глобальные цепочки поставок; социальные факторы; технологические факторы. Авторами проанализированы статистические данные импорта текстильной продукции зарубежных стран и Казахстана. Авторами статьи выявлены проблемы, способствующие увеличению импортной текстильной продукции в Казахстане: низкие цены импортируемых товаров; нехватка сырья для производства текстильных изделий; отсутствие институциональной поддержки внутреннего рынка; нехватка квалифицированных кадров; отсутствие новых технологий; нехватка капитала для инвестиций в развитие текущего бизнеса. В статье определены основные

направления институционального обеспечения снижения импортной зависимости предприятий текстильной отрасли: продвигать механизмы и возможности, облегчающие внутренние производственные связи; осуществлять целевую подготовку кадров с управленческими и маркетинговыми навыками; инвестировать средства в технологии, повышающие качество и не загрязняющие окружающую среду; поддерживать институциональные инструменты, способствующие расширению внутреннего рынка.

Durru D., Yessirkepova A., Kudaibergenova Z.

**FEATURES OF INSTITUTIONAL SUPPORT FOR REDUCING IMPORT
DEPENDENCE OF TEXTILE INDUSTRY ENTERPRISES**

Annotation

The article examines the mechanisms of institutional support for reducing the import dependence of the Kazakh textile industry, taking into account markets, technologies and other relevant trends. The authors of the article investigated various opinions of scientists on institutional support for the development of the textile industry: the impact of the pandemic; textile infrastructure; imported raw materials; import substitution issues; external dependence of production; investments in technology; global supply chains; social factors; technological factors. The authors analyzed statistical data on imports of textile products from foreign countries and Kazakhstan. The authors of the article identified the problems contributing to the increase in imported textile products in Kazakhstan: low prices of imported goods; lack of raw materials for the production of textiles; lack of institutional support for the domestic market; lack of qualified personnel; lack of new technologies; lack of capital to invest in the development of current business. The article identifies the main directions of institutional support for reducing the import dependence of textile industry enterprises: to promote mechanisms and opportunities that facilitate internal production links; to carry out targeted training of personnel with managerial and marketing skills; to invest in technologies that improve quality and do not pollute the environment; to support institutional tools that contribute to the expansion of the domestic market.



А.С. Дускалиев, э.ғ.к., қауымд. профессор¹

А.Г. Тюмамбаева*, аға оқытушы²

А.Ш. Абдешова, магистр, аға оқытушы²

Нархоз Университеті, Алматы қ., Қазақстан¹

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан

аграрлық-техникалық университеті,

Орал қ. Қазақстан²

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: Aislu.GT@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ БАНКТІК НЕСИЕЛЕНДІРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Қазіргі жағдайда Қазақстан Республикасының өзекті міндеттерінің бірі шағын және орта бизнесті барынша дамыту болып табылады. Шағын және орта бизнес мемлекеттің экономикалық әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Ал ол көп жағдайда халықты жұмыспен қамту, ішкі нарықты отандық тауарлармен толтыру, мемлекеттік бюджетті толықтыру және бәсекелестік орта құру мәселелерін шешуге байланысты. Шағын және орта бизнесті дамытуды басқару Қазақстан Республикасының саясатының стратегиялық мәселесі болып табылады.

Шағын және орта бизнестің жұмыс істеуі айтарлықтай қаржылық салымдармен байланысты, олар негізінен қарыз қаражаты есебінен жүзеге асырылуы мүмкін. Көбінесе шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері негізгі қорларды сатып алу, өндірістік базасын ұлғайту, ағымдағы шығындар мен қасалық кемшіліктерді жабу, бизнесін кеңейту үшін несие алады. Сондықтан несие ресурстарының қолжетімділігі бүгінгі таңда шағын және орта бизнесті дамытуда маңызды рөл атқарады.

Мемлекет шағын және орта бизнеске салықтық жеңілдіктер, кәсіпкерлік субъектілерінің бұрын алған несиелері бойынша пайыздық жеңілдіктер, ренталық төлемдер бойынша жеңілдіктер түрінде қолдау көрсетіп келеді. Дегенмен, осыған қарамастан, бұл аспектіде проблемалар әлі де бар.

Бұл мақалада шағын және орта бизнесті несиелендірудің қазіргі жағдайына талдау жасалып, осы аспектідегі қалыптасқан мәселелер айқындалып, оларды шешу бойынша жолдары ұсынылған.

Кілт сөздер: шағын және орта бизнес, коммерциялық банк, несиелендіру, пайыздық мөлшерлеме, мемлекеттік қолдау, кәсіпкерлікті дамыту қоры, жеке кәсіпкер, инфрақұрылым, несие ресурсы, бизнес-интеграция.

Ключевые слова: малое и среднее предпринимательство, коммерческие банки, кредитование, процентная ставка, государственная поддержка, фонд развития предпринимательства, индивидуальный предприниматель, инфраструктура, кредитные ресурсы, бизнес-интеграция.

Keywords: small and medium entrepreneurship, commercial banks, lending, interest rate, state support, entrepreneurship development fund, individual entrepreneur, infrastructure, credit resources, business integration.

JEL classification: Q 14

Кіріспе. Шағын және орта бизнес (ШОБ) – бұл нарықтық экономика субъектілерінің меншікті және қарыз қаражаты есебінен жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметі, оның негізгі мақсаты тауарлар мен қызметтерді өндіру немесе ұсыну арқылы пайда табу және өз кәсіпорнын одан әрі дамыту болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында ШОБ субъектілерінің санының өсуі мемлекеттің салық жүйесін оңтайландыру, әкімшілік кедергілерді азайту және тікелей қаржылық және қаржылық емес көмектермен қамтамасыз ету арқылы жеке кәсіпкерлік секторын дамыту жөніндегі дәйекті саясатының аясында орын алуда.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі мемлекет экономикасының жалпы дамуымен түсіндіріледі.

Шағын және орта бизнесті дамыту – экономикалық өсудің және әлеуметтік-саяси жаңғыртудың негізгі құралы.

Жұмыстың мақсаты болып шағын және орта бизнесті банктік несиелендірудің ағымдағы жағдайын талдау, туындаған мәселелерді анықтау және шағын кәсіпкерлік субъектілерін несиелеумен қамтамасыз етуді жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу табылады.

Жұмыста 2018-2020 жылдар негізінде Қазақстандағы шағын және орта бизнестің даму динамикасы, оның ішінде шағын және орта бизнестің елдің жалпы ішкі өніміне қосқан үлесі, тіркелген және жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны, осы саладағы

қызметкерлердің саны, сондай-ақ пандемияға дейінгі және пандемия кезіндегі жағдайлар бойынша мәліметтер және екінші деңгейлі банктердің шағын және орта бизнесті несиелендіру көлемі талданды.

Пандемия кезінде шағын және орта бизнес жаһандық деңгейде күрделі жағдайларды бастан кешірді, мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау осы саладағы көптеген субъектілердің жұмысының толық тоқтап қалуынан, тіпті банкроттықтан құтқарды. COVID-2019 пандемиясына қатысты мемлекеттік қолдаудың болғанына қарамастан, көрсетілген материалдық және моральдық көмек түрлерімен бірге оны қалпына келтіру үшін шағын және орта бизнесті қолдау кезеңіне әлі де ұзақ уақыт қажет болады.

Мақала жазу кезіндегі зерттеу әдістемесінің негізі монографиялық және мерзімдік зерттеуге, салыстыру әдістерін қолдануға негізделген. Экономикалық көрсеткіштер динамикасын талдау бойынша салыстырмалы әдісті қолдану себеп-салдарлық байланыстарды анықтау мен мемлекеттік реттеудің жүйелі мәселелерін анықтауға және шағын және орта бизнесті дамытудағы мүмкіндіктерді берді.

Әдебиеттік шолу. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Еліміздің экономикалық саясатының бірден-бір басымдығы – кәсіпкерлік» деп атап көрсетті [1].


А.К. Арыстанова [2], Н.К. Мамыров [3], А.Т. Бәйтенова [4] Қазақстанда шағын және орта бизнесті қалыптастыру және дамыту саласындағы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді қарастырды.

Е.В. Травкина мен Т.С. Гущина [5], Н.Н.Костина, Н.И. Даниленко, А.В. Ивлев [6] шағын кәсіпкерлік субъектілері қаржылық қолдауға өте мұқтаж екенін атап өтеді. Қаржы нарығы және несие ұйымдары комитетінің мәліметінше, шағын бизнестің несиелеудегі қажеттілігі 30-40 пайыз ғана қанағаттандырылған. Авторлардың айтқан шағын бизнесті несиелендіру нарығының дамуының баяулауының бірнеше себептері, соның ішінде банктердің қарыз алушыларға қоятын талаптарын қатайту; сыртқы саяси факторлар; несие мөлшерлемесінің өсуі; бизнес иелерінің теріс үміттері; тұтынушылық сұраныстың төмендеуі сияқты пікірлерін біз де қолдаймыз.

Пандемияның Қазақстандағы шағын және орта бизнестің дамуына әсері туралы, мемлекеттік қолдау шаралары туралы С.К. Байдыбекованың, Б.К. Шомшеквананың, Э.О. Кыдырбаеваның [7], А.С. Исенованың [8], А.З. Апееваның [9] ғылыми мақалаларында қарастырылған.

Тақырып бойынша жүргізілген әдеби шолулар банктердің шағын және орта бизнесті дамыту үшін ұсынатын несиелік өнімдерінің таралуына қарамастан, зерттеу тақырыптарының әлі де зерттелуін қажет екенін білдіреді.

Негізгі бөлім. COVID-19 пандемиясына қарамастан 2020 жылы Қазақстан экономикасы экономикалық белсенділіктің көптеген көрсеткіштері бойынша өсуді сақтап қалды. Заңды тұлғалардың үлесіндегі шағын және орта бизнестің ШОБ институционалдық құрылымындағы өзгерістер жалғасуда.



1-сурет. Тіркелген шаруашылық субъектілер санының динамикасы, 2018-2020 жж.*

* [10] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған


2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында тіркелген кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы саны 1 671 мың бірлікке жетті.

Суреттегі деректерді талдай отырып, жалпы тіркелген шағын және орта бизнес субъектілері мен жеке кәсіпкерлердің (ЖК) өсу тенденциясы бар деп қорытынды жасауға болады. Тіркелген шағын және орта бизнес субъектілерінің өсімі 2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы 1,65%-ды, 2020 жылы 2018 жылмен салыстырғанда 2,03%-ды құрады. Тіркелгендердің жалпы санындағы

тіркелген шағын және орта бизнес субъектілерінің үлесі 2018 жылы 96,3% деңгейінде болды, кейінгі жылдары 0,1 пайыздық тармаққа шамалы өсу байқалды.

Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілері туралы ақпарат 2-суретте көрсетілген.

Шағын және орта бизнес субъектілері бойынша берілген деректерді талдай отырып, олардың оң динамикасын атап өту керек. 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 2018 жылмен салыстырғанда 118 мың бірлікке немесе 9,16%-ға өсті, бірақ 2019 жылмен салыстырғанда өсім абсолютті мәнде небәрі 28 мың бірлікті немесе 2,03%-ды құрады.



2-сурет. Жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілер санының динамикасы, 2018-2020 жж.*

* [10] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған

Тіркелген кәсіпорындардың жалпы санындағы шағын және орта бизнестің белсенді субъектілерінің үлесі 84,3 пайызды құрады, бұл 2019 жылғы осы көрсеткіш деңгейінен 1,3 пайызға артық.


1-кесте

Ұйымдастыру-құқықтық нысаны бойынша шағын және орта кәсіпкерліктің құрамы мен құрылымы*

Атауы	2018ж		2019ж		2020ж	
	мың бірлік	үлесі,%	мың бірлік	үлесі,%	мың бірлік	үлесі,%
Занды тұлға - шағын бизнес	231	18,6	258	19,4	280	20,6
Занды тұлға - орта бизнес	2,6	0,2	2,5	0,2	2,5	0,2
Жеке кәсіпкер	809	65,2	856	64,4	858	63,2
Шаруа (фермер) қожалығы	198	16	213	16	217	16

* [10, 11] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған

Ұйымдық-құқықтық нысандары бойынша шағын және орта бизнестің құрылымын талдай келе, заңды тұлға нысанындағы кәсіпорындардың саны 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 22 мың бірлікке өскені байқалады. ШОБ субъектілерінің жалпы санындағы заңды тұлғалардың үлесі 20,8%-ға дейін өсті. Бұл жаңа заңды тұлғаларды құру және жеке кәсіпкерлерді жауапкершілігі шектеулі серкітестіктер ретінде қайта тіркеу арқылы шағын кәсіпкерліктің сапалы институционалдық дамуымен түсіндіруге болады.



3-сурет. 2018-2020 жж. негізінде шағын және орта кәсіпкерлік бойынша жұмыспен қамтылғандар саны*

* [10] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған

Шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар саны 2020 жылы 2,2%-ға өсіп, 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3 473 000 адамды құрады. Шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылған халықтың өңірлер бойынша бөлінуі біркелкі емес. Бұл бағытта Алматы, Нұр-Сұлтан қалалары, Алматы, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстары басымдық танытып отыр. 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасындағы жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылған халықтың үлесі 1,1%-ға өсіп, 39,8%-ды құрап отыр.

2020 жылы шағын және орта бизнестің өнімі 2019 жылмен салыстырғанда 1 240 миллиард теңгеге өсіп, 33 627 миллиард теңгені құрады. 2018 жылмен салыстыратын болсақ, 7 137 миллиард теңгеге айтарлықтай өсім байқалады. Шығарылатын өнімнің негізгі үлесін заңды тұлғалар түріндегі шағын және орта бизнес құрайды. Қазақстанның жалпы ішкі өніміндегі шағын және орта бизнес өнімінің үлесі 2018 жылғы 42,85%-дан 2020 жылы 47,6%-ға дейін өсті.

Шағын және орта бизнес бойынша өндірілген өнімге ең көп үлесті Алматы қаласы – 9033 млрд теңге және Нұр-Сұлтан қаласы – 6635 млрд теңге қосты. Жалпы алғанда, олардың шығарылған өнім көлемі Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері шығарған өнім көлемінің 47 пайызын құрайды.

COVID-2019 індетіне байланысты карантиндік шараларды енгізу кезінде салық амнистиясы жүзеге асырылды, оған сәйкес 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін шағын және орта бизнес субъектілері корпоративтік табыс салығын, жеке табыс салығын, әлеуметтік салық және бірыңғай жер салығын төлеуден босатылды [12]

Шетелдік тәжірибелерде көрсетілгендей, шағын және орта бизнеске мемлекет тарапынан, әсіресе несиелік ресурстармен қамтамасыз етуде жан-жақты қолдау қажет. Шағын және орта бизнесті несиелендіру екінші деңгейлі банктер үшін несиенің айтарлықтай жоғары деңгейімен байланысты. Шағын және орта кәсіпорындарда кепіл бола алатын өтімді мүліктің қажетті көлемі жоқ.

2-кесте

Шағын және орта бизнеске екінші деңгейлі банктермен берілген несиелер көлемі*

Көрсеткіштер	2018ж.	2019ж.	2020ж.
ШОБ субъектілеріне несиелер, млрд. теңге	4567	3963	4246
Экономикаға несиелер, млрд. теңге	13763	14743	15792
ШОБ-гі несиелер үлесі, %	33	27	27

* [10, 11] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған

Шағын және орта бизнеске берілген несиелер 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 283 млрд теңгеге немесе 7,1%-ға өсті. Шағын және орта бизнеске берілген несиелердің үлесі 2018 жылы 33%, 2019-2020 жж. жалпы Қазақстанның экономикасына берілген несиелердің жалпы көлемінің 27%-ын құрады. Шағын және орта бизнес үшін несиелер ресурстары үлесінің төмендеуіне пандемияға байланысты карантиндік шаралар себеп болды.

ШОБ несиелер портфелінің өсуі «Қарапайым заттар экономикасы», «Шағын және орта бизнесті жеңілдетілген несиелендіру бағдарламасы» және т.б. мемлекеттік бағдарламаларды несиелендіру есебінен болды.

Қорытынды. Қорыта келе шағын және орта бизнесті одан әрі дамытудың негізгі проблемалары деп келесілерді атап өтуге болады: Қазақстан экономикасының жалпы жағдайы; нарықтық бәсеке; банктік несиелендіру шарттары; сұраныс; салық ауыртпалығының деңгейі; қаржылық сауаттылықтың төмен деңгейі; кадрлардың жетіспеушілігі.

Шағын және орта бизнесті несиелік ресурстармен қаржылық қамтамасыз етудің анықталған мәселелерін шешу үшін біз мыналарды ұсынамыз:

- мемлекеттік органдар шағын және орта бизнесті арзан немесе пайызсыз несиелермен қамтамасыз ету мүмкіндігін табу. Тамаша идеясы бар ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер қаржылық қиындықтарға байланысты оны жүзеге асыра алмайды.

- коммерциялық банктер кепілдікке қойылатын талаптарды жеңілдету бағытында қайта қарауы керек;

- шағын және орта бизнес үшін арнайы банк қызметкерлерінің қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша тегін оқыту шараларын тұрақты негізде жүргізу. Осы курстардың нәтижесінде

шағын және орта бизнес субъектілері бизнеске банктік қызмет көрсету, заңнамадағы өзгерістер, шағын бизнеске берілетін жеңілдіктер туралы ақпаратты дер кезінде ала алады.

- шағын және орта бизнес онлайн сатуды пайдалануға белсендірек көшуі керек. Бұл іске асыру шығындарын азайтады, жаңа тұтынушыларды тартады және нарықтағы олқылықтарды жояды.

- коммерциялық банктердің басшылығы банк мамандарының біліктілігін арттыруға үнемі көңіл бөлуі керек, өйткені тек тәжірибелі кәсіби қызметкерлер ғана клиенттерге, соның ішінде шағын және орта бизнеске сапалы қызмет көрсете алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Послание Президента Республики Казахстан К.К. Токаева народу Казахстана от 2 сентября 2019 года «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана». – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39251281
2. Арыстанова А.К. Становление и развитие малого бизнеса в Республике Казахстан // Инновационная экономика: перспективы развития и совершенствования. – 2019. – № 7(41). – С. 5-11. – <https://cyberleninka.ru/article/n/stanovlenie-i-razvitie-malogo-biznesa-v-respublike-kazahstan>
3. Мамыров Н.К. Основы предпринимательства. – Алматы: Экономика, 2014. – 140 с.
4. Байтенова А.Т. Развитие малого и среднего бизнеса в Республике Казахстан // наука и практика: материалы I Междунар. науч. конф. (г. Чита, февраль 2012 г.). – Чита: Издательство Молодой ученый. – 2012. – С. 50-53. – <https://moluch.ru/conf/econ/archive/14/1648/>
5. Травкина Е.В. Вызовы банковского кредитования малого и среднего бизнеса: современная российская специфика / Е.В.Травкина, Т.С.Гущина // Вестник университета. – 2020. – № 1. – С. 150-155. – <https://vestnik.guu.ru/jour/article/view/2017>
6. Костина Н.Н. Кредитование малого бизнеса государственными и коммерческими банками: анализ и перспективы развития / Н.Н. Костина, Н.И. Даниленко, А.В. Ивлев // Финансовая аналитика: проблемы и решения. – 2016. – №38 (320). – С. 20-33. – <https://cyberleninka.ru/article/n/kreditovanie-malogo-biznesa-gosudarstvennymi-i-kommercheskimi-bankami-analiz-i-perspektivy-razvitiya>
7. Байдыбекова С.К. Малый и средний бизнес Казахстана в условиях пандемии. / С.К. Байдыбекова, Б.К. Шомшекова, Э.О. Кыдырбаева // Проблемы агрорынка. – 2022. – 1. – С. 91-98. – <https://www.jpra-kazniiapk.kz/jour/article/view/777/505>
8. Исенова А.С. О поддержке малого и среднего предпринимательства в период пандемии. Central Asian Economic Review. – 2020. – №4. – С. 91-99. – <https://caer.narxoz.kz/jour/article/view/34/34>
9. Апеева А.З. Пандемия кезінде қазақстан Республикасында шағын және орта бизнес субъектілерін қолдау және несиелендіру // Актуальные проблемы современности. – 2021. – № 2. – С. 128-133. – <https://elibrary.ru/item.asp?id=46614793>
10. Бурибаева Г., Сарсекеев Ф., Оспанов А., Имашев Б. Отчет о состоянии развития МСП в Казахстане и его регионах Нур-Султан, 2021 г., выпуск № 13. – 100 с. – https://damu.kz/upload/iblock/cae/xqhsqdrqgmhk90la0cicsr434otz3k54/%D0%94%D0%90%D0%9C%D0%A3%20_%20%D0%BE%D1%82%D1%87%D0%B5%D1%82%20%D0%9C%D0%A1%D0%9F%20_%20%D1%80%D1%83%D1%81.pdf
11. Отчёт о развитии малого и среднего предпринимательства Республики Казахстан в 2019 году в разрезе регионов. – https://atameken.kz/uploads/content/files/AtamekenMSP%20GO_rus140720.pdf
12. Освобождение от налогов и проверок в 2020-2023 годах в Казахстане. – <https://uchet.kz/news/osvobozhdenie-ot-nalogo-i-proverok-v-20202023-godakh-v-kazakhstane/>
13. Проблемы развития малого и среднего бизнеса обсуждают в Сенате. – https://www.inform.kz/ru/problemy-razvitiya-malogo-i-srednego-biznesa-obsuzhdayut-v-senate_a3917633

REFERENCES

1. Poslanie Prezidenta Respubliki Kazahstan K.K. Tokaeva narodu Kazahstana ot 2 sentjabrja 2019 goda «Konstruktivnyj obshhestvennyj dialog – osnova stabil'nosti i procvetanija Kazahstana». – https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39251281 [in Russian].
2. Arystanova A.K. Stanovlenie i razvitie malogo biznesa v Respublike Kazahstan // Innovacionnaja jekonomika: perspektivy razvitija i sovershenstvovanija. – 2019. – № 7(41). – S. 5-11. – <https://cyberleninka.ru/article/n/stanovlenie-i-razvitie-malogo-biznesa-v-respublike-kazahstan> [in Russian].
3. Mamurov N.K. Osnovy predprinimatel'stva. – Almaty: Jekonomika, 2014. – 140 s. [in Russian].

4. Bajtenova A.T. Razvitie malogo i srednego biznesa v Respublike Kazahstan // nauka i praktika: materialy I Mezhdunar. nauch. konf. (g. Chita, fevral' 2012 g.). – Chita: Izdatel'stvo Molodoj uchenyj. – 2012. – S. 50-53. – <https://moluch.ru/conf/econ/archive/14/1648/> [in Russian].
5. Travkina E.V. Vyzovy bankovskogo kreditovanija malogo i srednego biznesa: sovremennaja rossijskaja specifika / E.V.Travkina, T.S.Gushhina // Vestnik universiteta. – 2020. – №1. – S. 150-155. – <https://vestnik.guu.ru/jour/article/view/2017> [in Russian].
6. Kostina N.N. Kreditovanie malogo biznesa gosudarstvennymi i kommercheskimi bankami: analiz i perspektivy razvitiya / N.N. Kostina, N.I. Danilenko, A.V. Ivlev // Finansovaja analitika: problemy i reshenija. – 2016. – №38 (320). – S. 20-33. – <https://cyberleninka.ru/article/n/kreditovanie-malogo-biznesa-gosudarstvennymi-i-kommercheskimi-bankami-analiz-i-perspektivy-razvitiya> [in Russian].
7. Bajdybekova S.K. Malyj i srednij biznes Kazahstana v uslovijah pandemii. / S.K. Bajdybekova, B.K. Shomshekova, Je.O. Kydyrbaeva // Problemy agrorynka. – 2022. – 1. – S. 91-98. – <https://www.jpriakazniiapk.kz/jour/article/view/777/505> [in Russian].
8. Isenova A.S. O podderzhke malogo i srednego predprinimatel'stva v period pandemii. Central Asian Economic Review. – 2020. – №4. – S. 91-99. – <https://caer.narxoz.kz/jour/article/view/34/34> [in Russian].
9. Apeeva A.Z. Pandemija kezinde kazakstan Respublikasynda sharyn zhane orta biznes sub#ektlerin qoldau zhane nesielendiru // Aktual'nye problemy sovremennosti. – 2021. – №2. – B. 128-133. – <https://elibrary.ru/item.asp?id=46614793> [in Kazakh].
10. Buribaeva G., Sarsekeev F., Ospanov A., Imashev B. Otchet o sostojanii razvitiya MSP v Kazahstane i ego regionah Nur-Sultan, 2021 g., vypusk № 13. – S. 100. – https://damu.kz/upload/iblock/cae/xqhsqdrqgmhk90la0cicsr434otz3k54/%D0%94%D0%90%D0%9C%D0%A3%20_%20%D0%BE%D1%82%D1%87%D0%B5%D1%82%20%D0%9C%D0%A1%D0%9F%20_%20%D1%80%D1%83%D1%81.pdf [in Russian].
11. Otchjot o razvitii malogo i srednego predprinimatel'stva Respubliki Kazahstan v 2019 godu v razreze regionov. – https://atameken.kz/uploads/content/files/AtamekenMSP%20GO_rus140720.pdf [in Russian].
12. Osvobozhdenie ot nalogov i proverok v 2020-2023 godakh v Kazahstane. – <https://uchet.kz/news/osvobozhdenie-ot-nalogov-i-proverok-v-20202023-godakh-v-kazahstane/> [in Russian].
13. Problemy razvitiya malogo i srednego biznesa obsuzhdajut v Senate. – https://www.inform.kz/ru/problemy-razvitiya-malogo-i-srednego-biznesa-obsuzhdayut-v-senate_a3917633 [in Russian].

Дускалиев А.С., Тюмамбаева А.Г., Абдешова А.Ш.

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ БАНКОВСКОГО КРЕДИТОВАНИЯ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В сложившейся ситуации одной из актуальных задач Республики Казахстан является максимальное развитие малого и среднего бизнеса. Малый и средний бизнес напрямую влияет на экономическое благополучие государства. И в большинстве случаев зависит от решения задач обеспечения занятости населения, наполнения внутреннего рынка отечественными товарами, пополнения государственного бюджета и создания конкурентной среды. Управление развитием малого и среднего бизнеса является стратегическим вопросом политики Республики Казахстан.

Функционирование малого и среднего бизнеса связано со значительными финансовыми вложениями, которые могут осуществляться в основном за счет заемных средств. Нередко субъекты малого и среднего предпринимательства берут кредиты для приобретения основных средств, увеличения производственной базы, покрытия текущих расходов и дефицита денежных средств, расширения своего бизнеса. Поэтому доступность кредитных ресурсов сегодня играет важную роль в развитии малого и среднего бизнеса.

Государство поддерживает малый и средний бизнес в виде налоговых льгот, льгот по процентам по ранее полученным кредитам субъектов предпринимательства, льгот по арендным платежам. Однако, несмотря на это, проблемы в этом аспекте все еще существуют. В данной статье анализируется текущая ситуация кредитования малого и среднего бизнеса, выявлены существующие проблемы в данном аспекте и предлагаются пути их решения.

Duskaliev A., Tyumambayeva A., Abdeshova A.

**CURRENT STATE OF BANK LENDING TO SMALL
AND MEDIUM-SIZED BUSINESSES IN KAZAKHSTAN**

Annotation

In the current situation, one of the urgent tasks of the Republic of Kazakhstan is to maximise the development of small and medium-sized businesses. Small and medium business directly affects the economic wellbeing of the state. And in most cases it depends on solving the tasks of providing employment to the population, filling the domestic market with domestic goods, replenishing the state budget and creating a competitive environment. Management of SME development is a strategic policy issue for the Republic of Kazakhstan.

The functioning of SMEs is associated with significant financial investments, which can be carried out mainly with borrowed funds. Often SMEs take out loans to acquire fixed assets, increase their production base, cover running costs and cash shortages, and expand their business. Therefore, the availability of credit resources today plays an important role in the development of SMEs.

The state supports small and medium-sized businesses in the form of tax exemptions, interest relief on previously obtained loans of business entities, and relief on rent payments. However, in spite of this, problems still exist in this aspect. This article analyses the current situation of SME lending, identifies existing problems in this aspect, and proposes ways to solve them.



DOI 10.52260/2304-7216.2022.4(49).14
 ЭОЖ 338.43
 FTAMP 06.71.07

Р.А. Егембердиев, PhD докторанты¹
 А.М. Есиркепова*, э.ғ.д., профессор²
 Д.С. Жакипбекова, PhD¹
 М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
 университеті, Шымкент қ., Қазақстан¹
 Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
 Мемлекеттік басқару академиясы, Шымкент қ., Қазақстан²
 * – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
 e-mail: essirkepova@mail.ru

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

